



FTAMP 16.21.47  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2024-149-4-308-318>

## Түркі тілдері лексикасын зерттеудің аспектілері

Б. Құлжанова<sup>ID</sup>, А. Жүзбаева<sup>ID</sup>, Н. Ильясова<sup>ID</sup>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: bahit777@mail.ru, ar-aika@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада түркі тілдерінде кездесетін жекелеген сөздердің фонетикалық, морфологиялық, семантикалық жағынан даму және өзгеру ерекшеліктері сөз болады. Түркі тілдерінің базалық лексикасын зерттеу барысында түрлі фонетикалық заңдылықтар мен құбылыстар маңызды. Соңғы жылдары ғылымда анықталған заңдылықтар соның дәлелі. Мақалада сөздің алғашқы формасын табуда лексеманың фонетикалық, морфологиялық, семантикалық жақтарын бірлікте қарастыра отырып зерттеу үлкен нәтижеге алып келетініне назар аударылады. Демек, фоно-морфо-семантикалық заңдылықтарды ескере отырып талдау кешенді жұмыс болып табылады. Мақалада тамыр және сабақ фитонимдерінің қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы салыстырмалы түрде сөз болады. Сөздегі дыбыстық, мағыналық өзгерістер қарастырылады. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың неліктен орын алмастырғаны жеке-жеке талданып, әр тілдің ерекшеліктері сөз болады. Сөздердің құрамы түбір мен қосымшаларға ажыратылады. Атаулардың шығу тегі туралы ғалымдардың айтқан этимологиялық болжамдары талданады. Қазіргі қазақ тілінде сабақ және тамыр сөздерінен қандай тіркестер пайда болғаны да қарастырылады.

**Түйін сөздер:** түркі тілдері, заңдылықтар, фитонимдер, дыбыстық сәйкестіктер, аффрикат.

### Кіріспе

Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде сөздің шығу тегін анықтауға мүмкіндік беретін түрлі фонетикалық заңдылықтар мен фоно-морфологиялық құбылыстар жан-жақты зерттелуде. Түркі тілдерінде мұндай заңдылықтардың 30-ға жуық түрі бар. Атап айтқанда, сингармонизм құбылысы, дауыссыздардың ассимиляциясы, дыбыстардың өзгерісі

Түсті: 05.03.2024; Мақұлданды: 16.10.2024; Онлайн қолжетімді: 25.12.2024

(әртектес және біртектес дыбыстар сәйкестігі), дыбыстардың әлсізденуі (редукция) немесе түсіп қалуы (элизия, синкопа, апокопа), дыбыстардың ұзаруы (геминация, созылыңқы дыбыстар), дыбыстардың қосылуы (протеза, эпентеза, эпитеза), орын алмастыруы (метатеза), бұдан өзге ішкі флексия қалдықтары, фузиялық құбылыстар (жылысу, сіңісу, ығысу), дауысты-дауыссыз дыбыстардың түпкітегінің анықталуы, т.б. Аталған фонетикалық заңдылықтардың көмегімен тіл фактілерін диахрондық та, синхрондық та тұрғыдан зерттеуге болады.

Тіл білімінде фоно-морфо-семантика ұғымы туралы алғаш сөз қозғаған ғалым Э.В. Севортян сөздің мағынасын, сөз құрамындағы түрлі дыбыстық өзгерістерді зерттеу кезінде лексеманың фонетикалық, морфологиялық, семантикалық жақтарын бірлікте қарастыра отырып зерттеу үлкен нәтижеге алып келетінін айтқан болатын. Тілші «участвуя в этимологической разработке, такая методика позволяет вместе с тем более достоверно разграничивать или идентифицировать гетерогенные лексемы», - дейді [1, 3]. Кейін қазақ тіл білімінде сөздің шығу төркінін анықтау үшін тілдегі түрлі құбылыстар мен заңдылықтарды меңгеру қажет екендігін академик Ә. Қайдар айтқан болатын. Ғалым барлық этимологиялық мектептер мен бағыттар этимологизация барысында этимологиялық нысанның өлшемдерінің қажеттілігін мойындайтынын алға тартты. Бұл параметрлерді ғалым этимологиялық реконструкцияның үш аспектісі – фонетикалық, морфологиялық, семантикалық немесе зерттеудің критерийлері деп атады [2, 14].

Этимологияның морфологиялық критерийлері бойынша аффикстердің негізгі және одан туындаған құрылымының мағынасы анықталып, қазіргі кезде құрамы ажыратуға келмейтін түбір-негіздерді түбірге және аффикстік морфемаға жіктеу, байырғы түбірлерді жаңғырту мәселелері зерттелуде. Өлі түбірлер анықталып, жаңа зерттеулерге негіз болды. Мұндай талдаудардың нәтижесінде, сөздің этимологиясын анықтап, сөзжасамның ортақ корпусын жасауға мүмкіндік туып отыр.

Түбіртек теориясының негізін қалаушы ғалым Б. Сағындықұлы тарихқа белгісіз дәуірлерде қалыптасқан түбіртектердің біздің заманымызға дейін фонетикалық, морфологиялық және семантикалық өзгерістерге ұшырап, алғашқы формасын жоғалтқанын дәлелдеді. Тілімізде қазіргі таңда түбір ретінде танылып жүрген сөздер бірнеше түбіртектің бір-біріне сіңісуінен пайда болғаны анықталды. Нәтижесінде сөйлем, сөз тіркесі, сөз, морфема, фонема сияқты тілдік бөлшектердің қатарына түбіртек (архесилаб) атты алтыншы тілдік бірліктің бар екенін дәлелдеп, тың теорема жасап шықты.

Сондай-ақ ғалым Ж. Манкеева мәдени лексиканы тарихи-танымдық тұрғыдан қайта жаңғырту үшін тарихи-салыстырмалы, тарихи және морфо-семантикалық қағидаттарды ұсынады. «Егер оны тарқатып түсіндірер болсақ, синхрондық тұрғыдан біртұтас лексикалық бірлік ретінде ұсынылатын көптеген атаулар – диахрондық тұрғыдан фонетикалық, морфологиялық және семантикалық заңдылықтар күшімен бірігіп, ажырамастай кіріккен, ұзаққа созылған агглюнативтік дамудың жемісі» [3, 262], – деп көрсетеді. Ғалым бұл қағидаларды бірлікте қарастыра отырып зерттеу үлкен нәтижелерге алып келетініне баса назар аударады.

## Материал және әдістер

Соңғы жылдары түркі тілдері лексикасын зерттеу аясы кеңейді. Алдымен түркі тілдерінің диалектілері мен говорлары, ескерткіштер тілі зерттелді. Екітілді сөздіктер жасалынды. Қазіргі уақытта жекелеген тілдердің диалектологиялық және этимологиялық сөздіктері жарық көруде. Қазіргі түркі тілдерінің лексикасын зерттеуде маңызды міндеттер тұр. Ол түркі тілдерінің сөздік қорын белгілі бір жүйемен – кешенді түрде зерттеу. Қазіргі салыстырмалы зерттеулер үшін сөзді тек фонетикалық немесе грамматикалық ерекшеліктері негізінде талдау маңызды емес. Ең алдымен оларды жеке топтарға біріктіріп, жалпы тақырып аясында қарастыру, яғни лексикалық микрожүйелер құру арқылы зерттеу аса маңызды. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің лексикалық қабатын келесідей тақырыптық топтар негізінде жүйелеп, лингвомәдени аспектіде зерттеу қолға алынып жатыр:

1. Табиғат (өлі және тірі табиғат, Жер және Күн жүйесі, су, ауа райы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, т.б.);

2. Адам ( адамның дене мүшелері, құрылысы, денсаулығы, ауру түрлері, адамның ішкі жан-дүниесі, мінезі, психологиялық-эмоционалдық жай-күйлері);

3. Қоғам (отбасы және туыстық қатынастар, ұжым, адамның қажеттіліктері, мемлекет, мемлекеттік құрылымдар);

4. Таным ( субъективті және объективті танымдық үдерістер, сезім, қабылдау, есте сақтау, назар аудару, кеңістіктегі қозғалыс, уақыт, т.б.). Мұндай зерттеулер түркі тілдерінің ерте заманнан бастап осы күнге дейінгі этнолингвомәдени байланыстарын толық көрсетеді деп ойлаймыз.

Түркі тілдеріне ортақ сөздерді зерттеу барысында жоғарыда аталған тақырыптық топтар негізінде жүйелеп, салыстырмалы әдісті қолдана отырып талдау үлкен жетістіктерге алып барады. Біз бұл мақалада алғашқы тақырыптық топқа жататын өсімдікке қатысты тамыр және сабақ сөздерін талдаймыз.

Тақырыпқа тікелей қатысты М.Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігі (А.Егеубай аударған) [11], Э.В.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (I II том) [1], бірнеше ғалым редакциясын басқарған «Көне түркі сөздігі» (1969), А.М. Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» (1970) [8], К. Мусаевтың «Лексика тюркских языков в сравнительном освещении» (1975) [9], Ә.Қайдардың «Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері» (2014) [2], сондай-ақ, Ж.А.Манкеева [3] мен Б. Сағындықұлының [12] еңбектері алынды.

Түркі тілдері лексикасының бастауында М. Қашқари тұр. М. Қашқари түркі тілдерінің тұңғыш салыстырмалы сөздігін жасады, түркі тілдері диалектологиясының негізін қалады. Сонымен қатар түркі жұртының мәдениеті, дәстүрі, этнографиясы, әдебиеті мен өнері жағынан түрлі деректер келтірді. Кез келген түркі тілдерін зерттеуші маман тілдік деректі М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» еңбегінен алатыны сөзсіз.

I Петр кезінде түркі тілдерін қарқынды және жүйелі түрде зерттеу байқалады. XVIII ғасырда ұйымдастырылған экспедициялар түркі халықтарына қатысты лингвистикалық және экспедициялық материалдар жинап, түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігін басып шығаруға негіз болды. XIX ғасырда түркі тілдері жайындағы зерттеулер тереңдей түсті.

Бұл кезеңде В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты 4 томдық сөздігі шықты. Сөздікте Алтай және батыс сібір халықтарының тілдерімен қатар, фольклоры, этнографиясы қамтылды. Бұл қатарға А.М. Казембектің, Н.И. Ильминскийдің, И.Н. Березиннің еңбектерін де жатқызуға болады.

Ал ХХ ғасырдың басында орыс ғалымдары зерттей бастаған түркітану ғылымы жаңа деңгейге көтерілді. Жоғарыда аталған дереккөздер орыс және Еуропа лингвистикасы үшін негізгі ғылыми ақпарат көзіне айналды. Бұл кезеңде түркі тілдері жеке-жеке зерттеле бастады. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасына қатысты еңбектер пайда болды. Фонетика, морфология, синтаксис салалары салыстырмалы түрде зерттелді. Сөздердің түбірі мен қосымшасы ажыратылып, құрамы талданды, сөз таптары зерттелді. А.М.Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков», Н.А.Баскаковтың «Историко-типологическая фонология тюркских языков», Б. Серебренников пен Н. Гаджиеваның «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» атты еңбектері түркология ғылымы үшін өшпес туындыларға айналды. Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы да назардан тыс қалған жоқ. Э.В.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» мен бірнеше ғалым редакциясын басқарған «Көне түркі сөздігі» түркі тілдерінің лексикасынан мол мағлұмат береді. Ғалым К. Мусаевтың 1975 жылы жарық көрген «Лексика тюркских языков в сравнительном освещении» атты еңбегі түркі тілдері базалық лексикасын салыстырмалы түрде жүйелеп берген алғашқы еңбек болып табылады.

### Нәтижелер және талқылау

Адамзат үшін өсімдіктер дүниесінің маңызы өте зор. Олай дейтініміз, өсімдіктер болмаса, ауада оттегі де болмас еді. Оттегі болмаса, тіршілік иелерінің өмір сүрмейтіні белгілі. Сондықтан, өсімдіктер – тіршіліктің тірегі. Түркі халықтары ежелден-ақ өсімдіктер дүниесіне жауапкершілікпен қарап, олардың қасиетін, ерекшеліктерін байқаған. Халық медицинасында ем ретінде пайдаланған. Сондықтан фитонимдер түркі халықтарының зерттеу объектісіне айналған.

Өсімдік атауларында кез келген халықтың мәдени құндылықтары сақталады. Мұндай деректерді түркі тілдеріндегі өсімдік атауларын зерттеп жүрген қырғыз ғалымы Д.М. Тулегенованың еңбектерінен кездестіруге болады. Фитонимдер тілдің лексика-семантикалық жүйесінде номинативті ғана емес, сонымен қатар, прагматикалық, экспрессивтік және т.б. қызметтер атқарады. Тілші ғалым М. Аппаев балқар тіліндегі өсімдік атауларының балқар тілінің көркеюіне, балқар этносының мәдени дамуына әсер ететінін алға тартады. Атақты түрколог Э. Севортян да фитонимдер мен зоонимдер көшпенділердің дүниетанымының қалыптасуына, ойлауына әсер етіп, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты анық көрсететінін алға тартады.

*Тамыр* – өсімдіктің су мен қоректік затты жеткізіп тұратын түбі, тарамы [4, 780]. М. Қашқари сөздігінде *tamur* деп берілген. Тарихи жазба ескерткіштерде тамыр сөзі қан жүретін жол (қан тамыр) мағынасында жұмсалғаны туралы деректерді кездестіруге болады. Бұл атау түркі тілдерінің көпшілігінде тамыр, ал оғыз тобы тілдерінде көк

формасында жұмсалып, көгеру, көктену мағынасын береді. Сонымен қатар, түркі тілдерінің біразында түбір деген сөз әрі математикалық, әрі лингвистикалық термин ретінде жұмсалса, өзбек тілінде бұл атау ең жақын дос, туыс мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде де алыс-беріс жасап жүретін дос, бауыр, туыс адамдарды тамырлас деп жатады. Демек, тамыр сөзі қазіргі түркі тілдерінде жаңа мағынаға ие болып, тіпті, математика, лингвистика салаларында терминдік дәрежеге көтерілген.

Қазақ тіліндегі өсімдік мүшелері мен олардың құрылысына қатысты терминдер туралы ғалым Ш. Қ. Күркебаев тамыр сөзінен тамыр өңі, тамыр ұшы, тамыр түкшесі, тамыр оймақшасы, тамыр атпасы, тамырсабақ, тамыртүйнек, тамыржеміс [5, 42-45 б.] секілді көптеген біріккен, туынды және тіркесті терминдер пайда болғанын айтады. Академик Ө. Айтбаев өз зерттеулерінде «түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ сөздер (түбірлер) кейін терминологиялық лексиканың дамуына да негіз болды», - деген [6, 24 б.] пікірі осының дәлелі.

Тамыр атауы қазіргі қазақ, қарақалпақ, башқұрт, қырғыз, ноғай, татар, хакас тілдерінде *тамыр*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *томир*, құмық тілінде *тамур*, чуваш тілінде тымар, якут тілінде тымыр, әзірбайжан, түрік, түркімен, гагауз тілдерінде *дамар*, тува тілінде *дамыр* болып айтылады. Түркі тілдерінде қатаң *m*-мен ұяң *ɖ* дауыссыздары сөздің бастапқы және ортаңғы позицияларында еркін алмасады. *T-ɖ* сәйкестіктерінен түзілген варианттар қазақ тілінде де кеңінен таралған.

Сөз басында *ɖ*-мен басталып, ұяңданып естілуі, әдетте, оғыз тілдерінің, ал *m*-мен басталып, қатаң дыбысталуы қыпшақ тілдерінің белгісі деп қаралады. Дегенмен, бұл ереже, қатып қалған, мызғымас қағида емес. Қатаңдардың сөз басында қолданылуы оғыз тобындағы тілдерде кездесіп жатса, ұяңдар осы позицияда қыпшақ тобындағы тілдерде де ұшырасатындығын ғалым Г. Раева дәлелдеген. Бұл пікірді Б. Серебренников пен Н. Гаджиеваның еңбегінен де кездестіре аламыз. «Наблюдаемое в тюркских языках озвончение начального *m*, т.е. превращение его в *ɖ*, нельзя назвать регулярным фонетическим законом. Это процесс стихийный. Об этом свидетельствуют довольно многочисленные несоответствия, ср. тур. *дөкмек* «лить», но азерб. *төкмех*; гаг *дан* «заря», тур. *тан*; тур. *тепе* «холм», «пригорок», туркм. *депе*; тур. тырнак «ноготь», но туркм. *дырнақ* и.т.д. [7, 39 с.]

Өзбек тілінде тамир сөзі томир болып айтылады. Түркі тілдерінің дыбыстық құрамы туралы зерттеулердің барлығында сөз басында *a* езулік дауыстысы өзбек тілінде *o* еріндігіне ауысатыны туралы жазылған. Өзбек тілінде *a*-ның *o*-ға ауысуы туралы А.М. Щербак былай деп жазады: Максимальная степень огубленности может быть отмечена в узбекском языке, в котором \**a* отразился в виде *o*, ср. от «лошадь», бош «голова», ол «братъ», бор «идти», топ «находить» [8, 144]. Бірақ мұны да *m-ɖ* сәйкестігі сияқты қатып қалған қағида емес деп қабылдағанымыз жөн. Мысалы: өзбекше *бармоқ* қазақша «бармақ», сол сияқты, *сайламок* «сайлау», *сақламок* «сақтау», *ташламок* «тастау», *кайнамок* «қайнау», *қарамок* «қарау». Берілген мысалдардың барлығы сөздің алғашқы буынында *a* ашық дауыстысымен айтылған.

Өзбек тіліндегі *a*-ның *o*-ға айналуын олардың құрамына енген тайпа тілдерінің әсері деп қарауға негіз бар. Өзбек халқының құрамына тек қана түркі тайпалары емес,

иран тектес халықтардың да орта ғасырларда сіңісіп кеткені тарихи шындық. Көшпелі түркілер Орта Азияның егін жайы мен қалаларын жаулап алумен қатар тұрғындарын да ассимиляцияға ұшыратты. Қандай тіл болмасын, қолданыстан шыққан уақытта да ол өз ізін қалдырады дейді ғалым М. Томанов.

Тамыр атауының дыбысталуында байқалатын келесі бір ерекшелік – тамыр атауының өзбек, ұйғыр тілдерінде тамир//томир болып, яғни екінші буында жуан дауыстының жіңішке дауыстымен айтылуы. Түркі тілдерінің барлығында дауыстылар жуанды-жіңішкелі болып үндесетіні белгілі. Алайда, бұл ерекшелік өзбек, ұйғыр тілдерінде сақталмайды. Оның себебі аталған екі тілде де жуан дауысты ы қысаңының жоқтығы деп білеміз. Өзбек тілінде бар-болғаны 6 дауысты дыбыс болса (*u, y, (ноқат), a, o, э(e)*), ұйғыр тілінде 8 дауысты дыбыс бар (*u, e, ə, a, ʏ, ø, y, o*). Сондықтан, өзбек, ұйғыр тілдерінің басқа түркі тілдерінен айырмашылығы – дауыстылардың жуан-жіңішке болып үндеспеуі.

Түркі тілдерінде *a*-ы дауыстыларының сәйкестігі жиі орын алады. Әсіресе, якут, тува, чуваш, тофа тілдерінде *a*-ның орнына ы қолданылады: тамыр-тымар бал-пыл, алтын-ылтан, сақта-сыхла, т.б. Бұл сәйкестіктердің себебін әлі күнге дейін ешкім түсіндіріп бере алмады. Алайда тілші А.М. Щербак: «Появление ы на месте а невозможно объяснить ни характером вокализма непервых слогов, ни особенностями непосредственного фонетического окружения; изменение *a* в ы наблюдается в начале слова, после любых согласных и перед любыми согласными, независимо от качества гласных последующего слова», дей келе *a*-ы дауысты дыбыстарының сәйкестігін ататілдің белгілі бір диалектілік тобының ерекшелігі болуы мүмкін деп санайды [8, 145]. Ал, қырғыз, қазақ, өзбек тілдерінің дыбыс жүйесіндегі ерекшеліктерін зерттеген ғалым М.Тұрсынова аталған тілдердегі бұл сәйкестікті ерін үндестігімен байланыстырады. Ғалым Б.А. Серебренников болса, *a* дыбысының ы-ға айналу себебін екпіннің әсерінен редукцияға ұшырау нәтижесінде пайда болуы мүмкін дейді де, бұл сәйкестік әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігін алға тартады: «однако при всех предложенных объяснениях того, как из общетюркского *a* выработалось чувашское ы, остается открытым существенный вопрос о причинах этого предполагаемого фонетического процесса [7, 29].

Тамыр екі мағынаны береді дедік. Біріншісі – өсімдіктерге тиесілі орган, екіншісі – қан жүретін жол. Екі мағынаның қайсысы алғашқы екенін айту қиын. Түркі тілдерінің оғыз тобы *kök* сөзін қолданады. М. Қашқари сөздігінде көк сөзі тек, негіз мағыналарында жұмсалған. Қазақта көктамыр деп қанды ағзадағы әрбір мүшеден жүрекке алып келетін ірі қан тамырын атайды. Егер жүрекке белгілі бір мөлшерде қан келмесе, жүрек өз қызметін тоқтатады, яғни, адамның дәм-тұзы таусылады. Өсімдіктерде де тамыр ең негізгі орган болып саналады. Тамыр өлсе, өсімдік тіршілігін тоқтатады. Бұл жерде семантикалық байланысты байқауға болады. Ал, оғыз тобы тілдері қолданатын *kök* лексемасы кейіннен пайда болған.

Сөздің шығу төркіні туралы түркологияда екіжақты пікір бар. Біріншісі, тілші К. Мұсаев былай дейді: Тамыр, по-видимому, образовано от глагола тара «разветвляться, расходиться, распространяться», дей келе, оның даму схемасын былай береді: тарам>тамар>тамыр и.т.д. [9, 225].

Ғалымның тамыр сөзінің даму жолын тарқатып айтар болсақ, алдымен, тара сөзіне етістіктен есім тудыратын -м аффиксі жалғанған. Тілдің дамуы барысында буынаралық метатеза құбылысының нәтижесінде сөз ортасындағы *p* дауыссызы сөз соңындағы *m* үндісімен орын алмастырған. Соңында *a* дыбысы екпіннің әсерінен *y* дыбысына айналған.

Екінші пікір *\*tam* түбіріне -ур аффиксі жалғануы арқылы жасалған деген Э.Р. Тенишевтің пікірі. *Ур* аса ежелгі түркі тілінде түбір етістіктің қызметін атқарған, қазір фонетикалық өзгерістерге ұшырап, түбірге сіңісіп кеткен жұрнақ. Бұл орайда, ғалым Э.Р. Тенишев былай дейді: «глагол *\*tam* имеет первичное значение «гореть, пылать». Аористные формы, субстантивируясь, принимали значение «пламя, языки пламени». Между языками пламени, которые вырываясь, из одного источника, могли быть и короткими и длинными, и корневой и кровеносной системой есть внешнее сходство» [10, 108]. Ғалымның аористік форма деп айтып отырғаны сөз соңындағы -ар, -ур, -ur етістіктің өткен шақ формасы.

М.Қашқари, Ж. Баласағұн еңбектерінде *tamu*, *tamuy* сөздері тозақ, тозақ оты мағыналарында қолданылады. [*tamu* қариғын ашар *tavar* – тозақ есігін мал ашар, [11, 316]. Жалпы, діни ұғымда *tam*үқ тозақ отын бейнелейді. Көне ескерткіштер тілінде *tam* сөзі жану, жалындау мағыналарында қолданылған. Проф. Б. Сағындықұлы *tamdu*, *tamduq*, *tamqa*, *tamuy*, *tamuy-tamuy* тұлғаларының көне заманда «от» ұғымын бергендігін алға тарады.

Сөздің түбірі жаңа сөздер тудыруда өте актив. Мысалы, *tamyr*лану, *tamyr* жаю, *tamyr*ын ұстау етістігімен қатар көк *tamyr*, күре *tamyr*, *tamyr*шы секілді медициналық атаулар мен қарақалпақ тілінде мың *tamyr* атты өсімдік атауы жасалған. Сонымен қатар, бұл атау қазақ тілінде негіздес, шығу төркіні бір мағынасында да жұмсалады.

*Sabaq* – өсімдіктің тамырынан басына дейінгі бұтақты, жапырақты бөлігі [4, 694]. Түркі тілдерінде *\*sabaq*, *\*sa:p*, *\*su:buq* сөздері синонимдік қатар түзетінін байқадық.

*Sabaq* сөзі қазіргі түркі тілдерінің ішінде қазақ, қарақалпақ, ноғай, шор тілдерінде *sabaq*, қырғыз, татар тілдерінде *sabak*, өзбек, тува тілдерінде *savak*, түркімен, ұйғыр тілінде *sapaq*, хакас, якут тілдерінде *sabaуa*, чуваш тілінде *sapaка*, башқұрт тілінде *habak* болып айтылады.

Бұл мысалдардан сөз ортасындағы *n-b-v* дауыссыздарының алмасуын байқаймыз. *n-b* дауыссыздарының түркі тілдерінде сөздің барлық позициясында бірін-бірі оңай алмастыру сияқты белгілері – сөз жоқ, бұл дыбыстардың әуелі бір фонемадан өрбігендігінің нышаны.

Мысалдардан башқұрт тіліндегі *habak* сөзі өзіне назар аудартып тұр. Алайда, бұл сәйкестіктің себебін проф. Б. Сағындықұлы өз еңбектерінде жан-жақты тоқталған. Ғалымның зерттеуі бойынша, күрделі *T[C/Ш]* аффрикаты жойылып, жаңадан қалыптасқан *ts* (ц), *tsʰ* (ч) аффрикаттарына ыдырай бастаған кезде аффрикаттар құрамындағы *s* мен *ʃ* элементтері әлсіреп, бірте-бірте жойылғаннан кейін, олардың орнына *h* және *ʃ* дыбыстары пайда болады. Түркі тілдеріндегі *s* дауыссызы башқұрт тілінде *h*: һыйыр-сыйыр, һүт-сүт, һаран-сараң, т.б. Қазақ тіліндегі соғыс сөзі башқұрт тілінде һуғыш. Ескерткіштерде – тоқуш. Бұдан *s-h-t* сәйкестігі шығады. Мұны сөз басындағы *ʃ-дж-ж-*

*т-д-ш-ч-с-з...* сәйкестігінің белгілі бір бунағы (звеносы) деп түсінуіміз керек [12, 30].

Э.С. Севортян сөздігінің 7-бөлімінде \*са:п сөзінің үш түрлі мағынасы беріледі: 1) белгілі бір құралдың/заттың сабы; 2) скрипканың мойны; 3) өсімдіктің сабағы.

Екінші мен үшінші қатардағы сөздер құралдың сабы мағынасын білдіретін сөздің метафоралануы арқылы жасалып, кейін пайда болған атаулар. Бұл атау Көне түркі сөздігінде *sap – соединять, составлять* [13, 485]. Ал академик Ә. Қайдар берген түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлер сөздігінде \*сап – рукоятка, черенок, ручка деп берілген. Сонда, сабақ сөзі \*сап архетипіне кішірейту мағынасында жұмсалатын *-ақ* аффиксінің жалғануы арқылы жасалған деп айтуға негіз бар.

Ағаштың жаңа өсіп келе жатқан бөлігі мағынасында жұмсалатын шыбық сөзі М.Қашқари сөздігінде жіңішке, майысқақ бұтақ дегенді білдіреді. Көне ұйғыр тілінде *subuq*, түрік тілінде *subuq*, әзірбайжан тілінде *subuq*, қарақалпақ тілінде *subuq*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *siwiq*. Шыбықты сабақ сөзі секілді түбір мен қосымшаға ажыртасақ, шып+ық, яғни түбірге кішірейту мағынасын беретін *-ық* жұрнағының қосылуы арқылы жасалған. Демек, сап және шып екеуі бір сөз. Түркі тілдерінде *с-ш* сәйкестігі жиі кездеседі. Қазақ тілінде де екі дыбыс бір-бірімен еркін алмасады. Мысалы: мысық-мышық, сүйінші-шүйінші, тысқары-тышқары, есек-ешек, т.б. Дауысты *а-ы* дыбыстарының алмасуы да кең тараған құбылыс.

Сабақ сөзінен қазақ тілінде сабақша деген жұрнақ арқылы жасалған туынды термин, *сабақ буыны* атты күрделі термин және *үш қырлы сабақ* деген тіркесті терминдер пайда болған.

## Қорытынды

Түркі тілдері бір тектен шығып, туыстас болғанымен, әрқайсысының өзіндік даму жолдары, фонетикалық, грамматикалық, семантикалық тұрғыдан өзгеру, түрлену заңдылықтары бар. Жоғарыда келтірілген мысалдар осы даму, өзгеру заңдылықтарынан хабар береді. Ең жиі кездескен ерекшелік – дауысты мен дауыссыз дыбыстар сәйкестігі болды.

Бұл атаулар жаңа сөздер тудырып қана қоймай, жаңа тіркестер жасауға негіз болған. Мысалы, тамыр сөзінен тамыр өңі, тамыр түкшесі, тамыр ұшы, көк тамыр секілді тіркестер пайда болса, сабақ сөзінен сабақша, сабақ буыны, үш қырлы сабақ деген тіркестер пайда болған. Сонымен қатар белгілі бір құралдың сабы мағынасында метафораланып, жаңа тіркес құраған. Ал бұтақ атауы даму барысында жаңа семантикалық мағынаға ие болып отыр.

Талдауға объект болған түбір тұлғалы өсімдік атаулары туынды түбір екендігі анықталды, тіл тарихшылары оларды түбір мен қосымшаға ажыратып берді. Жоғарыда аталған өсімдік атауларының көбі түбір мен қосымшадан құралған туынды түбір болып саналады. Мақаланы қорытындылай келе, түркі тілдерінің базалық лексикасын зерттеуде фоно-морфо-семантикалық заңдылықтарды ескере отырып талдау кешенді жұмыс болып табылатынына көз жеткіздік.



### Авторлардың қосқан үлесі.

**Н. Ильясова** – әдебиетпен жұмыс, талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

**Б. Құлжанова, А. Жүзбаева** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (общетюркские и межтюркские основы на букву «Б»). – Москва: Наука, 1978. – 229 б.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – 256 б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 638 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі./ жалпы ред.басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1994.
6. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы. Алматы, – 1988.
7. Серебренников Б. Гаджиева Н. Сравнительно историческая грамматика тюркских языков. – Баку: Маариф, 1979. – 301 б.
8. Щербак А.Н. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – 204 б.
9. Мусаев К. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – Москва: Наука, 1975. – 356 б.
10. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 2001. – 822 б.
11. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): III том/ Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
12. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы: Үш қиян, 2009. – 504 б.
13. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 б.

### References

1. Sevortyan E.V. Etimologicheskii slovar turkskih yazykov (obsheturkskie i mejturkskie osnovy na bukvy "B") [Etymological Dictionary of Turkic Languages (Common Turkic and Inter-Turkic Bases Starting with the Letter "B")] (Nauka, Moscow, 1978, 229 p.). (in Russian)
2. Qaidar A. Gylymdagy gumyr. Qazaq tili etimologiasynyn gylymi-teorialyq negizderi [Life in science. Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language] (Sardar, Almaty, 2014, 256 p.) (in Kazakh)
3. Mankeeva Zh. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] (Abzal-Ai, Almaty, 2014, 638 p.). (in Kazakh)
4. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi / zhalpy red.basqargan T. Zhanuzaqov [Explanatory dictionary of the Kazakh language/ general ed.head T. Zhanuzakov] (Daik-Pres, Almaty, 2008, 968 p.). (in Kazakh)

5. Kurkebaev Sh. Osimdik musheleri men olardyn qurylym-qurylysyna qatysty terminder. Filologiya gylymdarynyn kandidaty gylymi darejesin alu ushin daiyndalghan dissertasiya [Terms related to plant organs and their structure. The dissertation was prepared for the degree of Candidate of Philological Sciences] (Almaty, 1994). (in Kazakh)
6. Aitbaev O. Qazaq terminologiasynyn qalyptasuy men damuy [Formation and development of Kazakh terminology] (Almaty, 1988). (in Kazakh)
7. Serebrennikov B. Gadzhieva N. Sravnitelno istoricheskaya gramatika turkskih yazykov [Comparatively historical grammar of the Turkic languages] (Maarif, Baku, 1979, 301 p.). (in Russian)
8. Sherbak A.N. Sravnitelnaya fonetika turkskih yazykov [Comparative phonetics of the Turkic languages] (Nauka, Leningrad, 1970, 204 p.). (in Russian)
9. Musaev K. Leksika turkskih yazykov v sravnitelnom osveshenii [The vocabulary of the Turkic languages in comparative coverage] (Nauka, Moscow, 1975, 356 p.). (in Russian)
10. Sravnitelno-istoricheskaya gramatika turkskih yazykov [Comparative historical grammar of the Turkic languages] (Nauka, Moscow, 2001, 822 p.). (in Russian)
11. Qashqari M. Turik tilinin sozdigi (Diyani lugat-it-turik): III tom/ Qazaq tiline audargan, algy sozi men gylymi tusinikterin jazgan A.Egeubay [Dictionary of the Turkish language (Diwani lugat-it-Turkish)] (Hant, Almaty, 1998, 600 p.). (in Kazakh)
12. Sagyndyquly B. Tandamaly tuyndylar [Selected works] (Ush qiyan, Almaty, 2009, 504 p.). (in Kazakh)
13. Drevneturkskii slovar. [Ancient Turkic dictionary] (Nauka, Leningrad, 1969, 677 p.). (in Russian)

**Б. Кулжанова, А. Жузбаева, Н. Ильясова**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### **Аспекты изучения лексики тюркских языков**

**Аннотация:** В статье рассматриваются особенности фонетического, морфологического, семантического развития и изменения некоторых слов, встречающихся в тюркских языках. При изучении базовой лексики тюркских языков важны различные фонетические закономерности и явления. Закономерности, выявленные в науке в последние годы, свидетельствуют об этом. В статье делается акцент на том, что изучение фонетической, морфологической, семантической сторон лексемы, рассматривая ее в единстве при нахождении этимологии слова, приводит к большому результату. Следовательно, анализ с учетом фоно-морфо-семантических закономерностей является комплексной работой. В статье рассматривается использование слов корень и стебель растения в современных тюркских языках. Рассматриваются звуковые, смысловые изменения в слове. Анализируются соответствия гласных и согласных звуков и фонетические особенности каждого тюркского языка. Состав слов подразделяется на корень и присоединение аффиксов. Анализируются этимологические предположения ученых о происхождении этих слов. А также рассматриваются какие словосочетания произошли в современном казахском языке от слов корень и стебель.

**Ключевые слова:** тюркские языки, закономерности, фитонимы, звуковые соответствия, аффрикат.

**B. Kulzhanova, A. Zhuzbayeva, N. Ilyassova**  
*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **Aspects of studying the vocabulary of the Turkic languages**

**Abstract.** The article examines the features of phonetic, morphological, semantic development and changes of some words found in the Turkic languages. When studying the basic vocabulary of the Turkic languages, various phonetic patterns and phenomena are important. The patterns revealed in science in recent years attest to this. The article focuses on the fact that the study of the phonetic, morphological, semantic sides of the lexeme, considering it in unity when finding the etymology of the word, leads to a great result. Therefore, the analysis taking into account phono-morpho-semantic patterns is a complex work. The article discusses the use of the words root and stem of a plant in modern Turkic languages. Sound and semantic changes in the word are considered. The correspondence of vowel and consonant sounds and phonetic features of each Turkic languages are analyzed. The composition of words is divided into the root and the attachment of affixes. The etymological assumptions of scientists about the origin of these words are analyzed. It also examines which phrases originated in the modern Kazakh language from the words root and stem.

**Keywords:** Turkic languages, patterns, phytonyms, sound correspondences, affricate.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Құлжанова Б.** – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Жүзбаева А.** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Ильясова Н.** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Kulzhanova B.** – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Zhuzbayeva A.** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Ilyassova N.** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).